

Бекітемін:
«Алақай» балабақшасының
менгерушісі // Р.Т. Арықбаева



Келісемін:
Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ-нің
директоры // Ж.А.Қуандықов



2022-2023 оқу жылына арналған мектеппен байланыс (бірлескен жұмыс)

Мақсаты: Педагогпен баланың арасындағы өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруда мектеппен балабақшаның бірдей талап қоя білуін қадағалау.

№	Өткізілетін шаралар	жүргізілу формасы	уақыты	жауаптылар
1	«Білім күні»	Мерекелік шара	қыркүйек	М.Омарова
2	«Жырлаймын ұстаз өзіңді....»	мерекелік құттықтаулар	қазан	Г.Күмісбаева
3	«Мектеппен балабақша жұмысындағы сабақтастық»	Сахналық қойылым	қараша	А.Байұзаққызы М.Омарова
4	«Біз мектепке барамыз»	мектепке саяхат	қаңтар	Ж.Тұрымбетова
5	Кітапханаға саяхат	мектепке саяхат	наурыз	тәрбиешілер
6	«Отбасы мен мектептің балабақшамен ынтымақтастығы»	дөңгелек үстел	сәуір	тәрбиешілер
7	«Ұшамын балабақшадан, қанаттанып	ертеңгілік	мамыр	Г.Жайманова

«Алақай» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Тақырыбы:

«Білімнің бастауы-балабақшада»

Тобы: «Жұлдыз»

Тәрбиеші: Омарова М.С.

2022-2023 оқу жылы

режиссер:
Ж.Ж.

1-қыркүйек - Білім күніне арналған балабақшаға сценарий.

Тәрбиеші: Омарова Манат Сабитовна

Тақырыбы: «Білімнің бастауы – балабақшада.»

Максаты:

Бүлдіршіндерге Білім күні мерекесінің мән - мағынасын ұғындыру;

Сахналық мәдениетін қалыптастыру;

Мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Балалар сахнаға «Көңілді балалар» биімен шығады, түрлі - түсті шарлар ұстай көңілді би билейді, би аяқталғанда шарларды ұшырып жібереді.

Тәрбиеші:

Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бак қоңырау шақырар ұғымдыны.

Білім - ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні!

Қош келдіңіздер, құрметті әріптестер, балалар!

Бүгін - **1 қыркүйек - білім күні**. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Тәрбиеші:

Шайдай ашық бейбіт күннің аспаны

Ауламыздың келісіп тұр бар сәні

1-қыркүйек - салтанатты мерекемен

Құттықтайды әдіскеріміз баршаны!

Мерекемен құттықтау сөз кезегін менгеруші Арықбаева Райса Таңжанқызына береміз.

Слайд: Білім күні туралы қысқаша мағлұмат беру.

(Әсем әуен ойналып «Бейбітшілік құсы» ак көгершін ұшып келеді)

Көгершін: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балалар амандасалы.

Көгершін: Мен - Бейбітшілік құсы- Ак көгершінмін. Барлық елде бүгін Білім күні. Білім күнімен қатар Бейбітшілік күнін де атап өтеді. Мен барша елге бейбітшілік тілеп, мектептерді аралап келемін. Білім күніне арнаған қандай өнерлерің бар екенін көруге «Балдырған» бақшасына ұшып келдім.

Тәрбиеші: Олай болса, жайғасып, «Сәйгүлік» топ балаларының өнерін тамашалаңыз.

Санжар

Егемен елдің төсінде,

Шуағын шашқан арай күн

Азамат болып өсеміз

Қызыға әлем қарайтын.

Аяна:

Өмірдің бейбіт бағы бұл,

Мінекей биыл тағы бір

Асудан асып асқарлы

Жаңа оқу жылы басталды.

Нұртөре

Біз – елдің жас өркеніміз,

Желді керген желкеніміз,

Желбіретер көкте туын

Біз - елдің ертеңіміз!

Аясыл

Бейбіт елдің ұланы,
Оттай лаулап жанамыз.
Бұл бақыттың ұраны,
Біз бақытты ұрпақпыз.

Көгершін: Балалар, «**Кім шапшан**» ойынын ойнайық.

Ойын шарты: Екі бала ортаға шығып екі сөмкеге оқу құралдарын жарыса салуы керек.

Тәрбиеші:

Риза етіп баршаны
Әсем әнге саламыз
Таудан биік талабы
Біз - сүйкімді баламыз!
Мерекемізді апайларға арнап әсем әнмен жалғайық.

Көңілді музыкамен Күлдіргіш не Жалқаубек сумен атылатын пистолетпен атысып (немесе майда түрлі - түсті доптармен) ойнап келеді.

Күлдіргіш: -О, мұнда балалар көп екен! Жаксы болды! Келіндер балалар, кызы - ы - ық ойын ойнайық!

-Неге сонша сықиып киініп алғансыңдар?.....

Тәрбиеші: Бүгін – білім күні гой! Үлкен мереке!

Біз енді ойынды азайтамыз, көбірек оқитын боламыз.

Күлдіргіш: Солай деңдер?! Ал көп оқып миды ашытып керегі не?

Тәрбиеші: Жер бетіндегі бар бала оқып, білім алуы керек. Білім не үшін керек екенін балалар өлең жолдарымен айтып берсін, сен мұқият тыңда!

Білім керек бәріне!**Санжар**

Корабльді баскарып
Көк жүзіне самғасам
Тауды бұзып, тас жарып
Мұхиттарды жалғасам

Нұрназар

Таңдандыра бар елді
Ғажап үйлер сала алсам
Жасартатын әжемді
Дәрі де ойлап таба алсам....

Әлібек

Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Санжар

Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!

Күлдіргіш: Керемет! Онда мереке құрметіне бәріміз бірге би билейік!

Би «Күлдіргіштер биі»

Көгершін: Өте тамаша! Мен риза болып тұрмын. Кеткім келмейді, бірақ бүкіл Қазақстанды аралап шығу үшін асығуым керек.
Көп рахмет, сендерге, балалар! Мереке мерекеге ұласа берсін!
Сау болындар!
Балалар: Сау болыңыз!



«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі Арықбаева Райса
Таңжанқызына
психолог Күмісбаева
Гүлжанардан

Хабарлама

«Жұлдыз» тобының тәрбиеленушілері Ұстаздар күніне орай «Жырлаймын ұстаз өзінді...» мерекелік құттықтау челленджі өткізілді.

Мақсаты: ұстаз мәртебесін көтеру, тәлім-тәрбие алған ұстаздарды құрметтеуге, сыйлауға шақыру.

Барша ұстаздар мен бөбекжай тәрбиешілерін мерекемен құттықтап алғыс білдірді. өлең жолдарын арнап, гүл шоқтарын сыйлады.



«Жырлаймын ұстаз өзінді» мерекелік құттықтау челленджі.

«Алақай» бөбекжай-бақшасының
менгерушісі
Арықбаева Райса Таңжанқызына
тәрбиешілер Омарова Манат
пен Байұзаққызы Айданадан

Хабарлама

2022 жылдың қараша айында мектеппен балабақша арасындағы сабақтастық жоспарына сәйкес даярлық топтарымен ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізілді.

Тәрбиеші Омарова Манат **«Киімдер»** атты ұйымдастырылған оқу қызметі өткізді.

Мақсаты: балаларға киім түрлерімен таныстыру, қалың, жұқа киімдерді ажырата білу, ауа райына байланысты пайдалан алуын қадағалау.

Балалар оқу барысында киімдердің түрлерімен түстеріне байланысты түймелерін ажыратып, ойындар ойнады.

Тәрбиеші Байұзаққызы Айдана топ балаларына сахналық қойылым өткізді. Мақсаты: ертегі қойылымдарын сомдау, қызығушылықтарын ояту.



Сахналық қойылым Байұзаққызы Айдана



Даярлық балаларымен сабақ өткізу. Тәрбиеші Омарова М.С.

«Алақай» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі Арықбаева Райса
Танжанқызына
тәрбиеші Тұрымбетова Жұлдыздан

Хабарлама

2023 жылдың қаңтар айында «Жұлдыз» тобының тәрбиеленушілері мектепке саяхат жасады.

Мақсаты: балаларды мектептің қызықты жерлерімен таныстыру, психологиялық жағынан мектепке дайындау. Қоғам қайраткері Т. Жаманмұрынов атамyzдың музейіне саяхат жасады. Музейде балалар оның өмірбаянымен, қағаз бетіне шыққан мақалалармен танысты, Өзі қыстаған қыстағының макеті қойылған. Және өзі оқыған мектебінің суреті қойылған. Даярлық балаларымен кездесіп, даярлық бөлмесін аралады. Медбике, компьютер, кітапханаға саяхат жасады.

Ұлттық бұрыш, топ бұрыштары мен ортаға қойылған мектеп макетімен танысты. Даярлық топтарына барып, театр бұрышын тамашалады.





